

Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 2026 жылғы 23 маусымдағы № 14 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 1-3) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 19-1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Цифраландыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурстарында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық статистика
бюросы басшының м.а.

Ә. Шауенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары

білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Жасанды интеллект және

цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және

ирригация Министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар
агенттігінің Ұлттық статистика
бюросы басшының м.а.
2026 жылғы 23 маусымдағы
№ 14 бұйрығына
қосымша

Мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік органдардың қолдануы үшін метадеректерді қалыптастырудың үлгілік әдістемесі (бұдан әрі – Үлгілік әдістеме) Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 1-3) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағының 19-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың метадеректерді қалыптастыру тәртібін айқындайды және мемлекеттік органдарға (мемлекеттік статистика органдарына және әкімшілік дереккөздерге) қолданылады.

2. Осы Үлгілік әдістемені қолдануы:

1) мемлекеттік органдардың деректерінің сипаттамасын құру және олардың өзектілендірілуін;

2) мемлекеттік органдарда метадеректерді қалыптастырудың бірыңғай әдістемесін қолдануды;

3) ресми статистикалық ақпаратың және әкімшілік деректердің сипаттамасы бойынша метадеректерді қалыптастыру форматтарының біртұтастығын қамтамасыз етеді.

3. Осы Үлгілік әдістемеде Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) әкімшілік көрсеткіш – уақыт пен орынның нақты жағдайларындағы құбылыстың немесе процестің мәнін көрсететін, құзыреті шеңберінде әкімшілік дереккөздер қалыптастырылатын көрсеткіш (бұдан әрі – ӘК);

2) метадеректер – деректердің құрылымы мен сипаттамаларын сипаттайтын деректер;

3) статистикалық көрсеткіш – бұл қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдірістердің, орын мен уақыттың нақты жағдайларындағы олардың мәнін көрсететін сандық көрсеткіш (бұдан әрі – СК);

4) статистикалық көрсеткіштер жіктеуіші статистика саласында пайдаланылатын кіріс және шығыс есептік көрсеткіштердің жүйелендірілген тізбесін білдіреді, және мемлекеттік статистика саласындағы статистикалық көрсеткіштерді жіктеу және кодтау тәртібін белгілейді (бұдан әрі – СКЖ);

5) ұлттық анықтамалық ақпарат – жіктеуіштердің, каталогтардың, анықтамалықтардың, номенклатуралар мен басқа да техникалық-экономикалық ақпараттың жиынтығы (бұдан әрі – "ҰАА" ЦЖ).

2-тарау. Метадеректер типтері

4. Метадеректер типі бойынша мыналарға бөлінеді:

1) құрылымдық метадеректер – бұл осы деректерді табу және шығарып алу үшін деректерді айқындайтын және сипаттайтын метадеректер. Құрылымдық метадеректердің мысалы осы Үлгілік әдістеменің 1-қосымшасында келтірілген. Құрылымдық метадеректерді толтырудың үлгісі осы Үлгілік әдістеменің 2-қосымшасында келтірілген;

2) анықтамалық (сілтеме) метадеректер – деректердің мазмұны мен сапасын сипаттайтын метадеректер (жіктеуіштер, терминдер сөздіктері, мәндер анықтамалықтары және деректерді бірдей түсінуге және пайдалануға арналған бірегей сәйкестендіргіштер). Анықтамалық метадеректердің мысалы осы Үлгілік әдістеменің 3-қосымшасында келтірілген. Анықтамалық метадеректерді толтыру үлгісі осы Үлгілік әдістеменің 4-қосымшасында келтірілген.

Анықтамалық метадеректер мынадай түрлерге бөлінеді:

тұжырымдамалық – өлшенетін ұғымдарды сипаттайтын метадеректер;

әдіснамалық – сол арқылы іріктеме және деректерді жинау әдістері сияқты деректер алынған әдістерді сипаттайтын метадеректер;

сапалық – уақтылылық және дәлдік сияқты деректердің сапалық сипаттамаларын сипаттайтын метадеректер.

3-тарау. Мемлекеттік статистика органдарының метадеректерді қалыптастыруы.

5. Мемлекеттік статистика органдары өз құзыреті шегінде статистикалық көрсеткіштер (бұдан әрі – СК) бойынша метадеректерді қалыптастырады:

1) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің құралдары арқылы (олар болған жағдайда);

2) цифрлық жүйелер болмаған жағдайда, осы Үлгілік әдістеменің 2 және 4-қосымшаларына сәйкес Excel кестесін толтыру арқылы қалыптастырады.

6. Мемлекеттік статистика органдары өз құзыреті шегінде көрсеткіштер бойынша құрылымдық метадеректерді және осы Үлгілік әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырады. Ескертпеден басқа, нысанның келесі өрістері толтыру үшін міндетті болып табылады:

1) реттік нөмірі көрсетіледі;

2) СК коды – статистикалық көрсеткіштің бірегей коды көрсетіледі;

3) СК атауы – СК мәтіндік атауы көрсетіледі;

4) СК белгісі – егер СК есептік болған жағдайда, "1" белгісі және СК енгізілетін болған жағдайда, "0" белгісі көрсетіледі. Есептік СК – есеп айырысу іс-қимылдарының барысында алынған СК, енгізілетін СК – респондент статистикалық нысанға енгізілетін СК;

5) СК дереккөзі – жалпы мемлекеттік немесе ведомстволық статистикалық байқаудың атауы және/немесе әкімшілік деректер қалыптастырылатын цифрлық жүйенің атауы көрсетіледі. Бұл ретте бірнеше дереккөзді көрсетуге болады;

6) СК немесе дереккөзді жинау кезенділігі – СК немесе дереккөзді жинау кезенділігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жыл, жарты жыл және басқалар);

7) СК жариялану кезенділігі – СК жариялану жиілігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жыл, жарты жыл және басқалар);

8) СК немесе дереккөзді жинау мерзімі – СК немесе дереккөзді жинаудың нақты күні көрсетіледі;

9) СК жариялау мерзімі - СК жариялаудың нақты күні көрсетіледі;

10) жинаудың өлшем бірлігі – СК жинаудың өлшем бірлігі көрсетіледі. Өлшем бірліктері мен шоттың мемлекетаралық жіктеуішіне (бұдан әрі - ӨБМЖ) сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

11) жариялаудың өлшем бірлігі – СК жариялаудың өлшем бірлігі көрсетіледі. Өлшем бірлігі ӨБМЖ сәйкес көрсетіледі;

12) СК жариялау белгісі – СК ресми түрде жарияланған жағдайда, "1" белгісі немесе СК жарияланбаған жағдайда "0" көрсетіледі;

13) өлшем (бөлініс) – пайдаланылатын жіктеуіштер бойынша СК өлшемі (бөлінісі) көрсетіледі, мысалы: әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші, экономикалық қызмет түрлері бойынша, меншік нысандары бойынша және басқалар. Осы өрісте жіктеуіштің, анықтамалықтың ID кодын көрсетумен жіктеуіштің, анықтамалықтың аббревиатурасы толтырылады. Әрбір мәні "-" символы арқылы, жіктеуіш және анықтамалық аббревиатурасы мен ID бірге бос орын тасталмай көрсетіледі. Мысалы: ЭАОЖ213-ЭҚЖЖ4855;

Егер жіктеуішті, анықтамалықты нақтылау қажет болған жағдайда, жіктеуіштің, анықтамалықтың иерархия деңгейі және/немесе жіктеуіштің, анықтамалық элементінің коды көрсетіледі. Иерархия деңгейі "_" белгісі арқылы көрсетіледі, мысалы: ЭАОЖ 213_2 - ЭҚЖЖ 4855_1. Элементтің коды жай жақшаларда көрсетіледі, мысалы ЭАОЖ213_2(11) - ЭҚЖЖ4855_1(Ө) (11-Ақмола облысы, Ө-өндеу өнеркәсібі). Жиынтық деректер республика бойынша қалыптастырылған жағдайда, бөлінісі бір өлшемнен тұрады, мысалы ЭАОЖ213_1.

Жіктеуіштің, анықтамалықтың ID коды және элементтерінің кодтары "Ұлттық анықтамалық ақпарат" ЦЖ-да қалыптастырылады;

14) өлшемін (бөлінісін) жариялау белгісі – өлшемін (бөлінісін) ресми түрде жариялаған жағдайда, "1" белгісі немесе өлшемі (бөлінісі) жарияланбаған жағдайда "0" көрсетіледі.

"Ескертпе" өрісі қажет болған жағдайда толтырылады.

7. Мемлекеттік статистика органдары өз құзыретінің шеңберінде осы Үлгілік әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде

СК бойынша анықтамалық (сілтемелік) метадеректерді қалыптастырады. Нысанның барлық өрістері толтыру үшін міндетті болып табылады:

- 1) реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) СК коды – мемлекеттік статистика органдары беретін СК-ның бірегей коды көрсетіледі;
- 3) СК атауы – СК мәтіндік атауы көрсетіледі;
- 4) СК қысқаша атауы – мемлекеттік статистика органы қабылдаған СК-ның қысқаша мәтіндік атауы немесе аббревиатурасы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда үтір арқылы бірнеше атау (синонимдер) көрсетіледі;
- 5) СК-ның анықтамасы – СК мәтіндік анықтамасы көрсетіледі;
- 6) СК-ны қалыптастыру тарихы – СК қалыптастырылған кезең көрсетіледі (мысалы: 1999 жылдан бастап);
- 7) СК қалыптастыру әдістемесі – СК алудың құрылымы және тәсілі бойынша қысқаша әдістемелік түсіндірме көрсетіледі немесе бекітілген нормативтік құқықтық актіге, көрсеткішті жинау/қалыптастыру тәртібін айқындайтын әдіснамалық құжатқа (әдістемелік түсіндірме, бекітілген нормативтік құқықтық акт, әдіснамалық құжат болмаған жағдайда сызықша қойылады) сілтеме келтіріледі;
- 8) СК әзірлеуші туралы ақпарат – СК қалыптастыруға жауапты мемлекеттік органның және оның құрылымдық бөлімшесінің атауы көрсетіледі;
- 9) СК қалыптастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері – жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны, электрондық поштасы көрсетіледі.

4-тарау. Әкімшілік дереккөздер бойынша метадеректерді қалыптастыру

8. Әкімшілік дереккөздер метадеректерді әкімшілік көрсеткіштер (бұдан әрі – ӘК) бойынша қалыптастырады:

- 1) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің құралдары арқылы (олар болған жағдайда);
- 2) цифрлық жүйелер болмаған жағдайда, осы Үлгілік әдістеменің 2 және 4-қосымшаларына сәйкес Excel кестелерін толтыру арқылы қалыптастырады.

9. Әкімшілік дереккөздер осы Үлгілік әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде ӘК бойынша құрылымдық метадеректерді қалыптастырады. "Ескертпе" өрісін қоспағанда, нысанның барлық өрістері толтыру үшін міндетті болып табылады:

- 1) реттік нөмірі көрсетіледі;
- 2) ӘК коды – әкімшілік көрсеткіштің бірегей коды;
- 3) ӘК атауы – әкімшілік көрсеткіштің мәтіндік атауы көрсетіледі;
- 4) ӘК белгісі (есептік – "1", енгізілетін – "0"). Есептік ӘК – ӘК есептеу іс-қимылдарының нәтижесінде алынған әкімшілік көрсеткіш, енгізілетін ӘК – ӘК тегін негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған формаларда толтырылады;

5) ӘК дереккөзі – тиісті цифрлық жүйеде қалыптастырылатын немесе сыртқы ашық дереккөздерден келіп түсетін әкімшілік дереккөздің атауы көрсетіледі. Бұл ретте бірнеше дереккөзді көрсетуге жол беріледі;

6) ӘК немесе дереккөзді жинау кезеңділігі – ӘК немесе дереккөзді жинау кезеңділігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жартыжылдық, жыл және басқалар);

7) ӘК жариялану жиілігі – ӘК жариялану жиілігі көрсетіледі (мысалы: ай, тоқсан, жыл, жарты жыл және басқалар);

8) ӘК немесе дереккөзді жинау мерзімі – ӘК немесе дереккөзді жинаудың нақты күні көрсетіледі;

9) ӘК жариялау мерзімі - ӘК жариялаудың нақты күні көрсетіледі;

10) жинаудың өлшем бірлігі – ӘК жинаудың өлшем бірлігі көрсетіледі. Өлшем бірліктер мен шоттың мемлекетаралық жіктеуішіне (бұдан әрі - ӨБМЖ) сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

11) жариялау өлшем бірлігі – ӘК жариялаудың өлшем бірлігі көрсетіледі (ӨБМЖ - ге сәйкес);

12) ӘК жариялау белгісі – ӘК ресми түрде жарияланған жағдайда "1" белгісі, ал ӘК жарияланбаған жағдайда "0" белгісі көрсетіледі;

13) ӘК өлшемдері (бөліністері) – жіктеуіштер және (немесе) анықтамалықтар көрсетіле отырып беріледі;

14) өлшемдердің (бөліністердің) жариялану белгісі – өлшем (бөлініс) ресми түрде жарияланған жағдайда "1", ал жарияланбаған жағдайда "0" белгісі көрсетіледі.

10. Әкімшілік көздер осы Үлгілік әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде әкімшілік көрсеткіштер бойынша анықтамалық (сілтемелік) метадеректерді қалыптастырады:

1) реттік нөмірі көрсетіледі;

2) ӘК коды – әкімшілік дереккөздермен берілетін ӘК-тің бірегей коды көрсетіледі;

3) ӘК атауы – ӘК мәтіндік атауы көрсетіледі;

4) ӘК қысқаша атауы – әкімшілік дереккөз қабылдаған ӘК қысқаша мәтіндік атауы немесе аббревиатурасы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда бірнеше атау (синонимдер) үтір арқылы көрсетіледі;

5) ӘК анықтамасы – ӘК мәтіндік анықтамасы көрсетіледі;

6) ӘК қалыптастыру тарихы – ӘК қалыптастырыла бастаған кезең көрсетіледі (мысалы: 1999 жылдан бастап);

7) ӘК қалыптастыру әдістемесі – ӘК алудың құрылымы және тәсілі бойынша қысқаша әдістемелік түсіндірме көрсетіледі немесе бекітілген нормативтік құқықтық актіге, көрсеткішті жинау/қалыптастыру тәртібін айқындайтын әдіснамалық құжатқа (әдістемелік түсіндірме, бекітілген нормативтік құқықтық акт, әдіснамалық құжат болмаған жағдайда сызықша қойылады;

9) ӘК қалыптастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері – тегі, аты, әкесінің аты, байланыс телефоны және басқа да мәліметтер көрсетіледі.

1-кесте. Құрылымдық метадеректердің үлгісі (СК толтыру үлгісі) Жыл басындағы халық саны (адам)

[illegible]

ОБЛЫС Ы								698 757	698 726	697 987
ҚАРАҒ АНДЫ ОБЛЫС Ы	1 378 121	1 384 810	1 382 734	1 380 537	1 378 532	1 376 882	1 375 938	1 134 966	1 134 855	1 135 351
ҚОСТА НАЙ ОБЛЫС Ы	881 569	883 806	879 134	875 616	872 795	868 549	864 550	835 686	832 234	829 984
ҚЫЗЫЛ ОРДА ОБЛЫС Ы	753 001	765 058	773 143	783 157	794 335	803 531	814 588	823 251	833 666	841 929
МАҢҒ ЫСТАУ ОБЛЫС Ы	606 843	626 774	642 824	660 317	678 199	698 796	719 571	745 909	767 106	786 837
ОҢТҮС ТІК ҚАЗАҚ СТАН ОБЛЫС Ы	2 787 906	2 840 871	2 878 636							
ПАВЛО ДАР ОБЛЫС Ы	755 793	758 594	757 014	754 854	753 853	752 169	751 012	756 511	754 944	753 933
СОЛТУ СТІК ҚАЗАҚ СТАН ОБЛЫС Ы	571 830	569 594	563 300	558 584	554 517	548 755	543 735	539 111	534 104	530 089
ТҮРКІС ТАН ОБЛЫС Ы				1 977 028	1 983 969	2 016 037	2 044 742	2 088 510	2 119 226	2 142 172
ҰЛЫТА У ОБЛЫС Ы								220 913	221 421	221 582
ШЫҒЫ С ҚАЗАҚ СТАН ОБЛЫС Ы	1 395 466	1 396 019	1 389 568	1 383 745	1 378 527	1 369 597	1 363 797	732 966	730 238	727 053
АСТАН А қаласы	852 803	872 584	972 692	1 030 577	1 078 384	1 136 156	1 184 411	1 295 711	1 354 556	1 430 117

АЛМАТЫ каласы	1 641 444	1 702 766	1 751 308	1 801 993	1 854 656	1 916 822	1 977 258	2 101 485	2 161 902	2 228 677
ШЫМК ЕНТ каласы				952 169	1 009 085	1 038 152	1 074 466	1 162 308	1 192 199	1 222 066

2-кесте. Құрылымдық метадеректердің үлгісі (ӘК толтыру үлгісі) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы балалар саны (адам)

	2020-2021 жылдар	2021-2022 жылдар	2022-2023 жылдар	2023-2024 жылдар	2024-2025 жылдар
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА СЫ	885 033	922 400	965 204	984 940	986 422
А Б А Й ОБЛЫСЫ	0	0	25 637	26 018	25 965
АКМОЛА ОБЛЫСЫ	32 957	35 519	36 415	37 799	38 122
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ	42 926	43 129	44 937	46 097	45 901
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ	91 523	109 125	92 006	95 749	92 124
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ	34 004	31 846	34 410	34 711	35 835
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	30 463	32 179	34 065	34 806	33 585
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ	56 560	57 100	59 309	60 977	62 104
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ	0	0	29 758	31 418	31 899
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ	48 234	46 451	40 461	39 629	39 526
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ	31 228	30 538	29 673	29 281	27 866
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ	44 231	45 662	46 869	48 611	48 763
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ	37 254	39 754	41 200	43 377	44 931
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ	33 456	34 101	33 963	33 374	32 944
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	18 373	18 183	17 782	17 031	15 484
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ	152 173	158 594	154 388	156 181	154 675

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ	0	0	8 703	8 462	8 148
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ	56 978	56 763	29 772	29 065	28 823
АСТАНА қаласы	50 933	50 693	57 757	61 298	63 042
АЛМАТЫ қаласы	65 108	71 664	78 585	82 419	85 480
ШЫМКЕНТ қаласы	58 632	61 099	69 514	68 637	71 205

Дереккөз: "Ұлттық білім беру деректер қоры" деректері (ҰББДҚ).

Мемлекеттік органдардың
қолдануы үшін метадеректерді
қалыптастырудың үлгілік
әдістемесіне 2-қосымша

1-кесте. Құрылымдық метадеректеді сипаттау нысаны (мемлекеттік статистика органдары үшін форманы толтыру үлгісі)

№ п/п	СК коды	СК атауы	СК белгісі	СК дерек көзі	Кезенділігі		Жинау және жариялау мерзімі		СК өлшем бірлігі,		Жари ялау белгісі СК (1-иә, 0-жоқ)	СК өлше мін (бөліні сін) СК (бөліні сі) СК (1-иә, 0-жоқ)	СК өлше мін (бөліні сін) СК (бөліні сі) СК (1-иә, 0-жоқ)	Ескер тпе
					СК жина у	СК жария лау	СК жина у	СК жария лау	жина у	жария лау				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1	611101	Кезең басындағы	1	Халық санағының қорытынды лары	ай		Есепті кезеңнен кейін	22 сәуір	адам	адам	1		1	2022–2024 жылдар аралығында халық санын қайта есептеу әкімшілік-аумақтық өзгерістер негізінде

стрiнi
ң
2012
жылғ
ы 27
желто
қсанд
ағы
№
570 "Бiлiм
беру
монит
орингi
шеңб
ерiнд
е
әкiмш
iлiк
дерек
тер
нысан
дарын
бекiту
турал
ы "
бұйр
ығын
а 1-
қосы
мша (Норм
ативтi
к
құқық
тық
актiле
рдi
мемле
кеттiк
тiркеу
тiзiлi
мiнде
№
8369
болы
п
тiркел
ген) –
"
Мект
епке
дейiн

1	ӘК коды	Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарындағы балалар саны	"0"	гі ұйымдар желісімен балалар конти нгенті туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан (индексі: № ДО-1 нысан). ----- ----- "	жылды ық	Жыл ына бір рет	Есепті кезең нен кейін 31 қазан ға дейін (қосалған да)"	"1"	Бірлік , адам	Бірлік , адам	"1"	ӘАО Ж 213 _2	1
---	------------	--	-----	---	-------------	--------------------------	---	-----	------------------	------------------	-----	--------------------	---

			қалал ардың және Астан а әкімді ктері нің білім басқа рмала ры, респу блика лық білім беру ұйым дары, басқа мемле кеттік орган дарға ведом ствол ы қ бағын ысты білім беру ұйым дары Қ Р Оқу-а ғарту мини стрліг інің мекте пке дейін г і білім депар тамен тіне ұсына ды"										
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ескерту. Құрылымдық метадеректер сипаттамасы нысанын толтыру үлгісі осы Үлгілік әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес келтірілген, мұнда:

- "Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарындағы балалар саны" атауы - бұл ӘК;
- Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші – бұл өлшем;
- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы балалар саны" - жылына бір рет жариялау кезеңділігі бар, өлшем бірлігі – адам.

Мемлекеттік органдардың
қолдануы үшін метадеректерді
қалыптастырудың үлгілік
әдістемесіне 3-қосымша

1-кесте. Мемлекеттік статистика органдарына арналған анықтамалық (сілтемелік) метадеректердің мысалы: Жыл басындағы халық саны

СК коды	611101
СК атауы	Кезең басындағы халық саны
СК қысқаша атауы	-
СК анықтамасы	Белгілі бір уақыт сәтінде сол аумақта тұратын адамдардың саны
СК қалыптасу тарихы	1999 жылдан бастап
СК қалыптастыру әдістемесі	Жыл басына алынған ағымдағы бағалаулар жыл сайын туылғандар мен осы аумаққа келгендер саны қосылатын және қайтыс болғандар мен осы аумақтан кеткендердің саны шегерілетін соңғы халық санағы қорытындыларының негізінде есептеледі
Әзірлеуші туралы ақпарат	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
Жауапты тұлға	Тегі, аты, әкесінің аты телефон: электрондық пошта:

2-кесте. Әкімшілік дереккөздерге арналған анықтамалық (сілтемелік) метадеректердің мысалы: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы балалар саны"

ӘК коды	
ӘК атауы	Балабақша және алдын ала білім беру ұйымдарындағы балалар саны
ӘК қысқаша атауы	-
ӘК анықтамасы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының контингенті
ӘК қалыптасу тарихы	2013 жылдан бастап
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 " Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы" бұйрығына 1-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді

ӘК қалыптастыру әдістемесі	мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) – "Мектепке дейінгі ұйымдар желісі мен балалар контингенті туралы мәліметтер" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан (индексі: № ДО-1 нысан)
Әзірлеуші туралы ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігі
Жауапты тұлға	Тегі, аты, әкесінің аты телефон: электрондық пошта:

Мемлекеттік органдардың
қолдануы үшін метадеректерді
қалыптастырудың үлгілік
әдістемесіне 4-қосымша

1-кесте. Анықтамалық (сілтемелі) метадеректерді сипаттау нысаны (СК нысанды толтырудың үлгісі)

№ п/п	СК коды	С К атауы	С К қысқаша атауы	С К анықтамасы	С К қалыптастыру тарихы	С К қалыптастыру әдістемесі	С К әзірлеуші туралы ақпарат	СК қалыптастыруға жауапты адамның байланыс деректері		
								Тегі, аты, әкесінің аты	Телефон	Электронная почта
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	611101	Кезең басындағы халық саны	-	Белгілі бір уақыт сәтінде белгілі бір аумақта тұратын адамдардың саны	1999 жылдан бастап	Жыл басына алынған ағымдағы бағалаулар жыл сайын туылғандар мен осы аумаққа келгендер саны қосылатын және қайтыс болғандар мен осы аумақта кеткендердің саны алып	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статисти	Тегі, аты, әкесінің атын көрсету	Қаланың кодымен телефонды көрсету	Электрондық поштан

						тасталатын халықтың соңғы санағы қорытындыларының негізінде есептеледі	қабырғасы			ыкөрсету
--	--	--	--	--	--	--	-----------	--	--	----------

2-кесте. Анықтамалық (сілтемелі) метадеректерді сипаттау нысаны (ӘК нысанды толтырудың үлгісі)

№ п/п	Ә К коды	Ә К атауы	Ә К қысқаша атауы	Ә К анықтам асы	Ә К қалыпта с у тарихы	Ә К қалыпта стыру әдістеме сі	Ә К әзірлеу ш і туралы ақпарат	ӘК қалыптастыруға жауапты адамның байланыс деректері		
								Тегі, аты, әкесінің аты	Тегі, аты, әкесінің аты	Тегі, аты, әкесінің аты
						Қазақста н Республ икасы Білім және ғылым министр інің 2012 жылғы 27 желтоқс андағы № 570 " Білім беру монитор ингі шеңбері нде әкімшілі к деректер нысанда рын бекіту туралы" бұйрығ ына 1- қосымш				

1		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы балалар саны	-	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының контингенті.	2013 жылы 12 ақпан	а (Қазақстан Республикасы Білім беру министрлігі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) – "Мектепке дейінгі ұйымдар желісі мен балалар контингенті туралы мәліметтер" әкімшілік деректерінің жинауға арналған нысан (индексі : № ДО-1 нысан)	Тегі, аты, әкесінің атын көрсету	Қаланың кодымен телефонды көрсету	Электрондық поштаны көрсету
---	--	--	---	--	--------------------	---	----------------------------------	-----------------------------------	-----------------------------